

Қайратұлы С.¹, Құранбек Ә.²

¹философия докторы (PhD), аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

²философия ғылымдарының кандидаты, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

БАТЫСТЫҚ МОДЕРНИЗАЦИЯ ТЕОРИЯЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

Зерттеу мақалада батыстық модернизация теориялары мен үдерісі әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерделенеді. Модернизация теориясы дәстүрлі не қалыс қалған қоғамның қазіргі қоғамға трансформациясын танымдық сипаттау сараптамасында қарастырылады. Модернизация теориялары көбіне батыстық қоғамның әлеуметтік-мәдени, саяси модельдерінің жаппай трансформациясын, оның әлемдік тәртіпті орнатуға ықпалын айшықтау тұрғысынан дәйектелетіндігі көрсетіледі. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында модернизация үдерісінің қазіргі заманғы адамзат қоғамында алар орны бағамдалып, оның ғылыми-теориялық және философиялық қырларын анықтауға талпыныс жасалды. Батыстық модернизация теорияларын зерделеудің нәтижелері модернизация үдерісінің қазіргі ғылым салаларындағы аса көкейкесті, терең ғылыми-теориялық талдауды қажет ететін мәселе екенін көрсетеді. Қазіргі кезде модернизация көпқырлы әлеуметтік құбылыс ретінде жеке адам мен қоғамның өміріне, саяси-экономикалық, әлеуметтік-мәдени және рухани салаларына терең тамыр жайды. Модернизация мәселесінің әлеуметтік-философиялық негіздерінің әртүрлі аспектілерін жан-жақты талдау – жаһандану дәуіріндегі ұлттық мемлекеттің өзіндік стратегиялық жобаларын сақтау мәселелерінен бастап, модернизация үдерісінің ұлттың сана-сезіміне әсер ету мүмкіншіліктерін айқындау секілді сан қырлы мәселелерден тұратындығын айқындайды.

Түйін сөздер: модернизация, батыстық модернизация, капитализм, дәстүр мен жаңашылдық, әлеуметтік философия.

Kairatuly S.¹, Kuranbek A.²

¹Doctor of Philosophy (PhD), senior tutor of al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

²Candidate of Philosophy Sciences, Associate Professor of Ilyas Zhansugurov Zhetysu State University, Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Historical and philosophical aspects of the theory of Western modernization

The article examines the social and philosophical aspects of the theories and processes of Western modernization. Theories of modernization are an analysis of the cognitive descriptions of the transformation of a traditional or backward society into a modern one. Often modernization theories are united by the search for a common model of global world transformation, while it is assumed that the complete transformation of social, cultural and political models of Western societies depends on their influence on the world order. At the same time, the research interest is aimed precisely at identifying the scientific, theoretical and philosophical foundations of modernization processes, their role in the development of modern society as a whole. The results of a scientific study of modernization processes in modern Western theories are particularly relevant. Modernization as a multifaceted social phenomenon has a profound impact on the political, economic, sociocultural and spiritual spheres of life as a separate individual, and on society as a whole. In-depth analysis of the social and philosophical foundations of the

various aspects of modernization, to identify possible modernization process affects the consciousness of the nation, generates a range of topical issues in the center of which the issues of preserving national identity and justification of the strategic projects of the state of the globalization era.

Key words: modernization, Western modernization, capitalism, tradition and innovation, social philosophy.

Кайратулы С.¹, Куранбек А.²

¹доктор философии (PhD), старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: samat.kayratuly@gmail.com

²кандидат философских наук, ассоциированный профессор кафедры социально-гуманитарных дисциплин, Жетысуский государственный университет имени Ильяса Жансугурова, Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: assetabaiyly2017@gmail.com

Историко-философские аспекты теории западной модернизации

В статье изучаются социально-философские аспекты теорий и процессов западной модернизации. Теории модернизации представляют собой анализ когнитивных описаний превращения традиционного или отстающего общества в современное. Часто теории модернизации объединены поиском общей модели глобальной мировой трансформации, при этом предполагается, что полное преобразование социальных, культурных и политических моделей западных обществ зависит от их влияния на мировой порядок. В то же время исследовательский интерес направлен именно на выявление научных, теоретических и философских оснований модернизационных процессов, их роли в развитии современного общества в целом. Результаты научного исследования модернизационных процессов в современных западных теориях особо актуальны. Модернизация как многогранный социальный феномен оказывает глубокое влияние на политическую, экономическую, социокультурную и духовную сферы жизни как отдельного индивидуума, так и на общества в целом. Углубленный анализ социально-философских основ различных аспектов модернизации, определяя возможности процесса модернизации, влияет на самосознание нации, формирует круг актуальных проблем, в центре которых вопросы сохранения национальной идентичности и обоснования стратегических проектов государства эпохи глобализации.

Ключевые слова: модернизация, западная модернизация, капитализм, традиции и инновации, социальная философия.

Кіріспе

Батыстық модернизация үдерісі қазіргі зерттеушілер тарапынан көптеген дәйекті тұжырымдарды дүниеге алып келді. Батыстық ғылыми қауымдастықта модерн тарихи дәуір ретінде аграрлық қоғамнан ерекшеленетіндігі дәйектелді. Зерттеушілер батыстық модерн тәжірибелерін капитализм дәуірінің ірге салып бекітілуімен байланыстырады. Әйткенмен, кейінгі немесе қалыптасқан капитализмде модернизацияға қатысты қордаланған мәселелер туындады. Үдеріс капитализм және посткапитализм деп аталатын түсініктердің ғылыми айналымға енуімен байланысты жүзеге асты. Сонымен қатар, модернизацияның хронологиялық көрсеткіштерін зерделеуге алып келді. Әдепкіде зерттеушілер батыстық модернизацияның іргесі XIX–XX ғасырлардан бастау алады деп тұжырымдады. Кейін индустриалды революцияға (XIX ғ.), біршама уақыт өте келе Ағартушылық дәуіріне (XVIII ғ.), содан кейін Жаңа дәуірдің қалыптасуы мен капитализмнің басталуына (XVII ғ. басына), қазіргі таңда Қайта

өрлеу және Реформация дәуірімен сабақтастықта пайда болған үдеріс іспетінде көрсетеді. Теологиялық постмодернизм құбылысты орта ғасырдың соңғы кезеңдерімен байланыстырады.

Сонымен, модерн мен дәстүрлі қоғам арасындағы трансформацияның ерекшелігі неде? Біріншіден, модерн дәуірінің дүниетанымы мен қоғамдық өмірі үнемі өзгерісте екенін анықтап көрсетті. Дәстүрлі қоғамда қалыпты, тұрақты сипат алды. Екіншіден, фрагментарлық, құбылмалылық, тұрақсыздық, эфемерлік секілді мәндік қасиеттер модерн және постмодерн үдерістеріне де ортақ екенін көреміз. Постмодерн модерндік мәндік ерекшеліктерді күшейтіп, өзектендіре түсетінін, екіншісі біріншісінің түлеп шыққан жалғасы екендігін қазіргі зерттеушілер тұжырымдап отыр (Нуржанов 2012).

Әдістер

Батыстық модернизация теорияларын зерделеу барысында батыстық құндылықтар және дамудың батыстық үлгісіне тура қатысы бар үдерістерді мұқият байыптау қажеттігін

түсінеміз. Модернизацияның құбылыс ретінде қалыптасуы батыстық өмір сүру салтынан келіп шығады деген түсінікке сәйкес, зерттеудің әдістері батыстық көзқарастар, дәстүрлер мен тұжырымдамаларға ойысты.

Әдебиеттерді шолу

Он сегізінші және он тоғызыншы ғасырда модернизация термині кең мағынада пайдаланылып, жиырмасыншы ғасырда академиялық терминге айналды. Қазіргі кезге дейін модернизация үш түрлі аспектіде түсіндірілді: базалық, теориялық және саяси нәтиже мағынасында (Chuanqi 2012: 3). «Модернизация» әлеуметтік ғылым саласында соңғы елу жылда жіті талқыланып келе жатқан теориялық және тарихи тұжырымдамалардың бірі (Mergel 2012).

Бекет Нұржанов модернизацияның алты тарихи кезеңін дәйектеп көрсетеді: «басты назарды гуманизмге қарай бұрған ренессанстық модернизация, урбанизм мен перспективизм (XIV–XVI ғғ.); белсенді жеке кәсіпкерлікке негізделген капиталистік модернизация, индивидуализм және дүние мен мәдениеттің коммерциализациясы; Хабермастың пайымдауынша, ағартушылық модернизм немесе «модернизация жобасы» – ақыл, ғылым және ағартушылық культімен; индустриалды-техникалық модернизация – машиналар, техникалар және техникалық рационализм культімен; эстетикалық модернизм – оның толассыз тәжірибелері, элитарлық және бұқаралық мәдениетті бөліп қарастыруы; кейінгі немесе жоғарғы модернизм – медиакоммуникация мен жоғары дамыған технологияларға бет бұрысымен. Соңғы кезең модерн мен постмодерн арасындағы айырмашылық пен ұқсастықтың мәнін құрайды» (Нуржанов 2012: 146).

Батыстық модернизация тәжірибелерін зерделеуде, оның тарихи ауқымдылығы мен даму кезеңдерінің аражігін айқындау қиын тұстарының қатарынан табылады. Дегенмен, Бекет Нұржанов батыстық қоғамда қала, қалалық өмір, урбандалу, сауда-саттықтың өркендеуі модернизацияның динамикасына түрткі болғанын пайымдайды (Нуржанов 2011: 25). Мұндағы көзқарас модернизацияның өзге факторларын түбегейлі теріске шығаруды емес, кезеңдерді сипаттайтын ерекше назар аудару қажеттігі жөнінде мағынасынан келіп шығады. Модернизацияның жекелеген кезеңдерін сипаттайтын ерекшеліктер әрдайым алдыңғы қатарға шығарылатындықтан «біртұтас модернизация» жөнінде пайымдау күрделі мәселе. Әйтсе де,

кезеңдер бір-бірімен тоғысып, араласып жатады.

Батыстық модернизацияға қатысты ресейлік ғалым С.А. Ерофеев былайша сипаттама береді:

«1) «қазіргі қоғамның» «дәстүрлі» қоғамға принципті түрде қарсы тұруы және осы жайт постқазіргі, постмодерн қоғамына да қатысты;

2) еуропалық мәдениеттің көбіне динамизм, рационализм мен рефлексивтілікпен сабақтастырылатын құбылыстардың қиын генеологиясының ізін қуу әрекеттері;

3) модернистік ойлаудағы универсализм мен утопизмді ретроспективті сынау;

4) «Постмодерн» немесе «постқазіргінің» құрамдас бөлігі ретінде әлеуметтік-мәдени сараптауда плюралистілікті, көпөлшемділікті және ағымдылықты бекіту» (Ерофеев 2000: 5-6).

Модернизацияны батыстық құбылыс ретінде қабыл көре отырып, Энтони Гидденс (Giddens 1990) модернизацияның әлеуметтануға қатысты тұжырымдамаларын зерделей келе, осы тұрғыдан алғанда мынадай үш мәселеге ерекше мән беруге тиістігін көрсетеді: «біріншісі, модернистік институционалды диагностикасымен тығыз байланысты; екіншісі, әлеуметтік сараптаманың негізгі мәселелері – «қоғаммен» байланысты; үшіншісі, әлеуметтік таным мен модерн арасындағы арақатынасқа байланысты» (Гидденс 2000: 11). Бұл модернизацияның әлеуметтік астарын айшықтауға айқындылық пен дәйектеме береді. Сонымен қатар, батыстық әлеуметтанушы модернизацияның институттарына келесідегідей сипаттама бере отырып, оның әлдеқайда күрделі құбылыс екендігіне тоқталады: «...модерннің бір сипаттамасы өзгенің барлығын теріске шығармайды. Менің ойымша, институттар деңгейінде модерн көпөлшемді және түрлі теориялық дәстүрлер тарапынан ескерілгеннің барлығы белгілі бір деңгейде маңызды рөлге ие» (Гидденс 2000: 12), – дейді.

Энтони Гидденстің модернизацияға қатысты жобасын жалпылама қорытындыласақ, оларды уақыт пен кеңістіктің бөліну мүмкіндігі және олардың әлеуметтік өмірдің кеңістіктік-уақыттық «аймақтарға» дәлме-дәл шектелуі, қалыптасуы; әлеуметтік жүйенің әдеттегіден жылдам болуынан (кеңістік пен уақыттың бөліну үдерістерін құрайтын феномен, факторлармен тығыз байланыстар); сондай-ақ, жеке индивид пен тұтас топтар іс-әрекеттеріне ықпал ететін тұрақты білім ағымы барысындағы әлеуметтік қатынастың рефлексивті ретке келуі мен қайта ретке келуі құрайды. Бұл модерн деп аталатын дәуірдің динамизмін қалыптастырған және оған дем берген тұғырнамалар деп есептелінеді.

Талқылау

Модернизация – XVIII ғасырдан бастау алған адамзат өркениетінің түбегейлі өзгерісі, дамудың деңгейлеріне халықаралық өлшемдер бойынша қол жеткізу, жетістіктерге жетелейтін халықаралық сайыс пен бәсекелестік. Адамзат тарихында қоғамдық өндірістер төрт кезеңнен тұрады – алғашқы қауымдық, аграрлық, өнеркәсіптік және білім қоғамы. Әйткенмен, зерттеушілер модернизацияның тарихы, кезеңдері мен үдерісі туралы ортақ ымыраға келе алмады. Хэ Чуаньцидің пікірінше, зерттеушілер арасында модернизацияның тарихи бастауы жөнінде үш түрлі көзқарас бар: 1) бастапқы нүкте XVI–XVII ғғ. ғылыми революция; 2) XVII–XVIII ғғ. Ағартушылық дәуірі; 3) модернизацияның бастауы – XVIII ғ. Ағылшын еліндегі өндірістік революция және Француз революциясы. Әйткенмен, зерттеуші модернизация XVIII–XXI ғасырлар аралығындағы үш ғасырды қамтитынын пайымдай отырып, оны екі кезеңге, бірінші және екінші деңгейлі модернизацияға бөліп көрсетеді. XX ғасырда модернизация үдерісін кешенді түрде зерттеу қолға алынып, ғасырдың екінші жартысында классикалық теориясы, тәуелділік теориясы, әлем-жүйе теориясы; постмодернді зерттеу: постиндустриалдық, постмодернизм, постқазіргі; жаңа модернизацияны зерттеу: экологиялық модернизация, рефлексивті модернизация, көптік модернизация, екінші деңгейлі модернизация сынды толқындары қалыптасты (Чуаньци 2011: 32-36).

Екінші деңгейлі модернизация теориясы бес негізгі элементті қамтиды: модернизацияға қатысты теориялық тұжырымдар, жалпы модернизация үдерісінің заңдары мен белгілері, жалпы модернизацияның нәтижелері (модернитидің екі түрі), динамика және жалпы модернизацияның құрылысы. Бірінші деңгейлі модернизация – аграрлық өркениеттің индустриалдық өркениетке трансформациясын, ал екінші деңгейлі модернизация – индустриалдық өркениеттің білім өркениетіне трансформациясын айтады. Екінші деңгейлі модернизация тарихтың соңғы нүктесі емес, болашақта модернизацияның өзге тұжырымдары дүниеге келеді. Бірінші деңгейлі модернизацияның артықшылығы экономикалық дамуда болса, екінші деңгейлі модернизацияның артықшылығы адам өмір сүру сапасының артуы. Бірінші деңгейлі модернизацияның динамикасы технология мен капиталда жүзеге асса, екінші деңгейлі

модернизацияның динамикасы білім, институттар мен адам капиталындағы инновациялар арқылы жүзеге асты (Чуаньци 2011: 43-44).

Осы ретте бірінші және екінші деңгейлі модернизация теорияларына сүйене отырып, олардың жетістіктері мен нәтижелерін атап өткеніміз жөн болар.

Бірінші деңгейлі модернизация теориясының нәтижесі – индустриализация, урбанизация, демократизация, бюрократизация, институционализация, рационализация, секуляризация, механизация, электрофикация, автоматизация, маркетингизация, стандартизация, дифференциализация, интеграция, мобилизация, генерализация, концентрация, әлеуметтік игілік, деагромәдениеттілік, заманауи ғылым мен энергияны, бұқаралық коммуникация мен жалпыға қолжетімді орта білім беруді және т.б. қамтиды.

Екінші деңгейлі модернизация теориясының нәтижесі – ғылымды қажетсінетін қоғамның қалыптасуы, информатизация (ақпараттандыру – ақпараттың басымдығы мен көптігі), қызмет көрсету кеңістігінің дамуы, желілік өзара ықпалдастық, цифрлық технологиялардың таралуы, жаһандануды, инновацияға дайындықты, индивидуализацияны, диверсификацияны, плюрализмді, экологизацияны, көгалдандыруды, материалдық өнеркәсіп үлесінің төмендеуін, дематериализацияны, деиндустриализацияны, субурбанизацияны, урбандалған және аграрлық кеңістіктегі тепе-теңдікті қалыпқа келтіруді, ұзақ өмір сүруге үйретуді, жалпыға қолжетімді жоғары білім беруді және т.б. қазіргі үдерістерді қамтиды (Чуаньци 2011).

Батыстың дамыған мемлекеттері XX ғасырдың 60-шы жылдары модернизацияның классикалық теориясын тәмамдап, дамудың келесі кезеңіне өтті. Батыстық зерттеушілердің көбі өзгерісті постмодерн деген терминнің аясында бағалады. Қазіргі таңда оның негізгі үш құбылысы белгілі:

– Индустриалдық экономика – әлемдік экономикалық дамудың соңғы нүктесі, шарықтау шегі емес. Өнеркәсіптік мемлекеттерде бұл даму индустриализациядан деиндустриализацияға ауысты, өнеркәсіптің үлесін үнемі төмендетіп, экономикада қызмет көрсету үлесінің артуына әкелді;

– Индустриалдық қоғам – адамзат қоғамы дамуының соңғы нүктесі емес. Дамыған мемлекеттердегі әлеуметтік даму урбанизациядан деурбанизацияға көшті. Қазіргі кезде адамдар мегаполистерде емес, қаланың сыртында өмір сүруге талпынады;

– Индустриалдық өркениет – өркениет үдерісінің соңғы нүктесі бола алмайды, өйткені дамыған мемлекеттердің өсімі индустриалдық өркениеттің асуларын еңсерді (және еңсеруін жалғастыру үстінде) (Чуаньци 2011).

Мұндай үдерістерге модернизацияның классикалық теориясы оңтайлы түсініктеме бере алмады. Сондықтан 1970-1980 жылдары батыстық академиялық ортада ғылыми терминдерге «пост» деген қосымша қою мәлім болды. Постмодерн теориясы бұл терминдердің барлығын жинақтап, постиндустриалдық қоғам, постмодернизм және постмодерн деген түсініктерді иеленді. Постмодерн теориясына сәйкес адамзат өркениетінің дамуы үш кезеңнен тұрады: дәстүрлі қоғам (индустриалдыққа дейінгі), заманауи (индустриалдық) және постмодерндік (постиндустриалдық) (Белл 2004).

Постмодерн термині ХХ ғасырдың екінші жартысындағы батыстық қоғамның әлеуметтік институттар көкжиегін айқындауға талпыныстар жасады. Үдеріс көбіне дамыған еуропалық және мәдени-тарихи, әлеуметтік-дүниетанымдық шыққан төркіні жөнінен батыстық мемлекеттерде орын алды. Постмодернизм дамудың үздіксіз және үзілмелі, біртұтас формацияның екіжақты, алайда біртұтас сипатын қамтиды. Постмодернизм үдерісінің генетикалық байланысы модернизацияның батыстық қоғамда ХVII ғасырда қалыптасып, ХIХ ғасырда кемел формасына жеткен мәдени-әлеуметтік, тарихи-дүниетанымдық, саяси-экономикалық формациямен бекітіледі. Нәтижесінде, қазіргі батыстық қоғамның әлеуметтік моделдерінде модернизацияның постмодерн үдерісі кешенді түрде зерделеніп келеді. Сонымен қатар, «постмодернизм» батыстық қоғамдағы әлеуметтік үдерістерді қисынды дәйектеудің ортодоксалды теориялар қатарынан табылып отырғанын айта кеткеніміз жөн.

Батыстық зерттеушілер сараптамасында постмодернизм кемеліне жеткен модернизм ретінде дәйектеледі. Постмодернизмнің институционалдық плюрализм, алуантүрлілік, кездейсоқтық және қосамжарлық сынды ерекшеліктері қазіргі батыстық қоғамның кемелдену шақтарында жүзеге асты. Әйткенмен, постмодернизм теориясы жетістіктен жеңілісті көбірек дәріштеп, модерн институттарының міндеттері мен дәстүрін дәл сипаттайтын универсализм, біртүрлілік қағидаларына қарсы күрес жүргізді. Мәселен, батыстық зерттеуші Зигмунт Бауман (Бауман 2008), модернизм ұстындары универсализм, рационализм немесе жүйелеуде

дәйектелетінін атап өтеді. Постмодернизм тәжірибелерінде аталған ұстындарды радикалды формасында ұстану мүмкін емес. Себебі, постмодернизм – үздіксіз рефлексивтілік ағымы. Постмодернизм – белгісіздік, тұрақсыздық, айқынсыздық, құбылмалылық ағымы. Ол – динамикалық, тайқымалы, тұрақтылықтан, қозғалыссыз қалудан қатты қорқады. Оның кредосы – үнемі өзгеріп отыру, тіршілік ете отырып әрдайым өсімге қол созу (Бауман 2000: 48-51).

1980-1990 жылдары модернизацияны зерттеудің жаңа теориялары қалыптасты, олардың қатарында Джозеф Губердің (1985) (Huber 1991) экологиялық модернизация теориясы, Ульрих Бектің (1986) (Бек 2000) рефлексивті модернизация теориясы, Вольфганг Цапфтың (1991) (Цапф 1998) жалғасушы модернизация теориясы, Эдвард Тиракянның (1991) (Tiryakian 1991) «жаңа модернизация» теориясы, Шмуэль Эйзенштадттың (1998) (Эйзенштадт 1999а; 1996ә; 2002б; 1998в) «көпөлшемді модернизация» теориясы және т.б. бар.

Алпысыншы жылдары сын назарына іліккен классикалық модернизация теориясы жөнінде сараптамаларын пайымдаған зерттеушілердің қатарында Шмуэль Эйзенштадт болды. Шмуэль Эйзенштадт классикалық модернизация теориясын сынау өтпелі қоғамның ішкі динамикасындағы алуантүрлілікті түсіндіруде қауқарсыздығынан басталғанын пайымдайды.

Біріншіден, сынның басты бағыты классикалық теорияның дәстүр мен жаңашылдық дихотомиясына, мұның тарихи және батысорталықтық модель емес екеніне қарсы бағыттанып, дәстүрдің алуантүрлі болатындығы және оның жаңашылдыққа қаншалықты икемді бола алатындығы айқындалды. Сонымен қатар, дәстүрдің саналуан элементтеріне егжей-тегжейлі қатынас жасауға мәжбүр етті.

Екіншіден, дәстүр мен дәстүршілдік арасындағы айырмашылықты айшықтауға бағыттанды. Сараптамада дәстүршілдік жаңашылдықтың енуіне қарсы жағымсыз реакция екендігі анықталды. Сәйкесінше, қоғамның жүріс-тұрыс формаларының жалпылама жиынтығы дәстүр екендігі байыпталды.

Үшіншіден, қазіргі және модернизацияланған қоғамда өткен өмірден келе жатқан және өткен үлгілерге қол созатын дәстүрдің міндетті формаларының тұрақты фактілері «жаңадан ашылды».

Төртіншіден, дәстүрлі институттар мен топтар, касталар не тайпалық одақтар болсын жаңашылдық жағдайларында қарекеттерін қайта құруға қабілетті екендігін көрсетті.

Бесіншіден, тәуелсіз дамудың бастапқы фазаларының ізімен батыстық модельге бағдарланған элиталар өздерінің дәстүрлі ұстындары мен модельдеріне қайта бетбұрыс жасады (Эйзенштадт 2002б: 471-472).

Батыс өркениетінен бастау алған жаңаша өркениетті үрдіс бүкіл дүниеге тарап, халықаралық саяси, экономикалық және мәдени жүйені қалыптастырды. Дүниедегі түрлі реакцияларды жеңе отырып, модернизация әлемдік өркениет пен қоғамға ықпал етіп келеді. Дегенмен, батыстық қоғамда модернизация эндогенді сипатта жүзеге асырылса, батыстық емес дәстүрлі қоғам мен өркениетте сыртқы күштердің ықпалымен жүзеге асырылды. Бұл оның басқа да формаларын дүниеге алып келді. Өйткені, біріншіден, батыстық модернизация дәстүрлі және әлеуметтік ұйымдардан қол үздірді. Екіншіден, батыстық модернизация халықаралық тәртіпте экономика мен саясатқа басымдық беретін жаңаша халықаралық тәртіпті орнатты. Үшіншіден, модернизация күші дәстүрлі қоғамда азаматтардың белсенділігін арттырды (Эйзенштадт 2002б: 474-475).

Шмуэль Эйзенштадт сараптамасы модернизацияның біржақты батыстық моделін сын назарына іліктірді, макроәлеуметтік қондырғыны қайта талдауға ықпалын арттыра отырып, модернизацияның көпөлшемді теориясын тұжырымдап шықты.

Батыстық зерттеуші Кришан Кумар модернизацияның табиғаты туралы ойларын дәйектей келе бұл үдерісті тұтастай батыстық мәдениетке тән құбылыс ретінде пайымдайды. Зерттеушінің пікірінше, модернизациялау үдерісі батыстандыру түсінігіне ұйысуды білдіреді. XVIII ғасырдан бастап модерн қоғамы батыстық қоғамның рәмізін таңбалап келеді. Модернизация индустриалдық ғылыми сипатты, саяси формада ұлттық мемлекетті, қоғамдық санада зайырлылықты бекітті, экономикалық өсімге ерекше көңіл бөлді. Модернизацияның философиясы рационализм мен утилитаризм түсініктерімен бекітілді. Батыстық қоғам қажет жерінде төлтума тарихын, тіпті өзін анықтау жолында дүниетанымына сәйкес келмейтін мәдениет құндылықтарын теріске шығарды. Модерн үшін тарих өткен мен қазіргінің карама-қарсы үрдістерінің үнемі өзгерістермен толығып, жаңаша сапалық көрсеткіштермен дәйектелді. Модерн тарихтан үнемі тағылым ала бермейді, модерн болашаққа сөзсіз ынталы. «Модерн қоғамы жаңашылдықты үнемі қабыл көріп, «инновация дәстүрін» ойлап тапты» (Кумар 2000: 17). Бұл батыстық модернизация

дәстүрінің космополиттік философиясының бір көрінісі ғана.

Сонымен қатар, Кришан Кумар батыстық модернизацияны зерделей отырып, уақыт түсінігінің модернизация өлшемдерін айқындайтынын дәйектеп береді. «Қазіргі қоғам, Маркс пен Вебер ғұмыр кешкен модерн қоғамымен сәйкес келе бермейді. Модерн – түбегейлі батыс қоғамы емес. Модерн – батыс қоғамының принципі. Үнемі өсім мен инновацияға бейімділік сияқты тіршілік етуші формалар уақытшалық сапасында зерделеуді талап етеді, сондықтан жаңаша нормалардың қалыптасуын күтудің толықтай негіздері бар» (Кумар 2000: 19). Дәуірдің метафорасы ретінде «уақытша» түсінігі батыстық қоғам құндылықтарының ғұмырын өлшеп, тағдырын шешіп отырды. Уақытша принципі «инновация дәстүрінің» өзегін құрап, үздіксіз өркендеуге жетеледі деген болжамдар жасалынады.

Әлеуметтанушы ғалымдар Стефан Иммерфол мен Гөран Сербор батыстық қоғамда модернизация үдерісінің әлеуметтанымдық аспектілерін сараптай отырып, еуропалық қауымдастықтың XX ғасырдың алпысыншы жылдармен салыстырғанда әлдеқайда ілгері кеткенін пайымдайды. Өйткенмен, бұл өзгерістер еуропа құрлығындағы мемлекеттерде түрлі формада жүзеге асып, сан алуан нәтижелер көрсетті. Ал, тұтас алғанда еуропалық қоғамға өзгерістер бірдей серпін берді, әлеуметтік қатынастар түбегейлі өзгерді. Осы өзгерістерді зерделеуде батыстық ғылыми қауымдастықта модернизация түсінігінің түрлі концептуалды құралдары дүниеге келді. Дегенмен, таптық күрес күн тәртібінен түсе қойған жоқ, неолиберализм мәнінен айрылды, марксизм бағдар болудан қалды. Коммунизм келмеске кетті, онымен бірге еркіндік түсінігі өзектілігін жоғалтып, енді ол антикоммунизмге қызмет етпейді. Жаһандық бәсекеде АҚШ үстемдігін сақтап келеді, Еуропалық Одақ оған бірегей экономикалық бәсекелес ретінде «жұмсақ күш» алаңына айналып отыр. Дегенмен еуропалық қауымдастық пен интеграция жобасы тым саяси сипат алып, түрлі әлеуметтік-саяси дағдарыстарға алып келді. Еуропалық институттардың жетістіктері еуропалық қоғамның іргесіне сына қақты. Сондықтан, еуропалық интеграцияның екі бағыты қалыптасып үлгерді: біріншісі, интеграциялық үдерістердің әлеуметтік нәтижелері; екіншісі, саяси интеграцияның әлеуметтік негіздері.

Еуропалық интеграция үдерісінің әлеуметтік институттарының шарттарының біріне мәдени ұқсастық аргументтері жатады. Олар үшеу: 1) еуропалық ортақ құндылықтар жанжалдар-

ды болдырмаудың кепілі; 2) әлеуметтік психологтардың байыптауынша, ортақ құндылықтарды тұтынушылар бірегейлік пен бірігу үдерісіне бейім келеді; 3) мәдениеттің демократиялық құндылықтар мен саяси жүйенің демократиялық элементтерінің маңызды факторы ретінде үндесуі жатады (Immerfall 2010). Бұл да қазіргі кездегі батыстық өзгерістердің құрамдас сипаттары болып табылады. Батыстық интеграция нақында сөз болғанда, батыстық қоғамның дүниетанымдық бағдары мен құндылықтар жүйесінің өзгерісі туралы пайымдау қисынды.

Қорытынды

Біріншіден, модернизация туралы сөз қозғағанда қалыптасу эволюциясы белгісіз батыстық

құбылысты, бірақ адамзат өркениетіндегі мағыналы өзгерістерді, қазіргі өркениеттің қалыптасуын, дамуын, трансформациясын және халықаралық өзара ықпалдастығын, өркениет элементтерінің инновациясын, сұрыпталуын айтамыз;

Екіншіден, жаһандану үдерісі кең мәтінде модернизацияның қазіргі батыстық қоғамда орын алуы, оның дүниетанымдық және саяси-әлеуметтік үдерістерге әсері, батыстық мәдениетті жаңғырту мен дамытуға игі ықпал ететін мүмкіндіктер мәселелері талданды;

Үшіншіден, модернизация қоғам мен мемлекет дамуындағы дүниетанымдық құндылықтар, әлеуметтік, мәдени-рухани, экономикалық, саяси үдерістердің өзіндік кешенді жиынтығы екені байыпталды.

Әдебиеттер

- 1 Нуржанов Б.Г. Модерн. Постмодерн. Культура. – Алматы: «Өнер», 2012. – 336 с.
- 2 Chuanqi H. Modernization Science. The Principles and Methods of National Advancement. – Springer-Verlag, Berlin Heidelberg, 2012. – 676 p.
- 3 Mergel, Thomas: Modernization, in: European History Online (EGO), published by the Leibniz Institute of European History (IEG), Mainz 2012-06-21. URL: <http://www.ieg-ego.eu/mergelt-2011-en> URN: urn:nbn:de:0159-2011050927 [YYYY-MM-DD].
- 4 Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология в новом ключе: учеб. пособие для ун-тов. – Алматы, 2011. – 372 с.
- 5 Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории: хрестоматия: пер. с англ. и нем. – 2-е изд. перераб и доп. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2000. – 176 с.
- 6 Giddens A. The Consequences of Modernity. – Cambridge: Polity Press, 1990. – 186 p.
- 7 Гидденс Э. Социология и модерн // Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории: хрестоматия: пер. с англ. и нем. – 2-е изд. перераб и доп. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2000. – С. 11–16.
- 8 Обзорный доклад о модернизации в мире и Китае (2001 – 2010) / пер. с англ. под общей редакцией Н.И. Лапина / предисл. Н.И. Лапин, Г.А. Тосунян. – М.: Издательство «Весь Мир», 2011. – 256 с.
- 9 Белл. Д. Грядущее постиндустриальное общество. Опыт социального прогнозирования / перевод с английского. – Изд. 2-ое, испр. и доп. – М.: Academia, 2004. – 788 с.
- 10 Бауман З. Текущая современность. – СПб.: Питер, 2008. – 240 с.
- 11 Бауман З. Социологическая теория постмодерна // Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории: хрестоматия: пер. с англ. и нем. – 2-е изд. перераб и доп. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2000. – С. 48–51.
- 12 Huber J. Ecological modernization. Away from scarcity, soberness and bureaucracy // Technologie en milieubeheer. – 1991. – P. 12–41.
- 13 Бек У. Общество риска: На пути к другому модерну / пер. с нем. В. Седельника, Н. Федоровой. – М.: Прогресс-Традиция, 2000. – 383 с.
- 14 Цапф В. Теория модернизации и различие путей общественного развития // Социологические исследования (СОЦИС). – 1998. – №8. – С. 14–26.
- 15 Tiryakian E. Modernization; Exhumetur in Pace (Rethinking Macrosociology in the 1990-s) // International Sociology. – 1991. – №6. – P. 165–180.
- 16 Эйзенштадт Ш. Революция и преобразование обществ. Сравнительное изучение цивилизаций / пер. с англ. А.В. Гордона; под ред. Б.С. Ерасова. – М.: Аспект Пресс, 1999. – 416 с.
- 17 Eisenstadt S.N. Japanese Civilization: A Comparative View. University of Chicago Press, 1996. – 596 p.
- 18 Eisenstadt S.N. Paradoxes of Democracy: Fragility, Continuity, and Change. Johns Hopkins University Press, 2002. – 136 p.
- 19 Эйзенштадт Ш. Новая парадигма модернизации // Сравнительное изучение цивилизаций: хрестоматия / сост., ред. и вступ. ст. Б.С. Ерасов. – М.: Аспект Пресс, 1998. – С. 470–479.
- 20 Кумар К. Модерн // Контексты современности – 1: актуальные проблемы общества и культуры в западной социальной теории: хрестоматия: пер. с англ. и нем. – 2-е изд. перераб и доп. – Казань: Изд-во Казан. ун-та, 2000. – С. 17–19.
- 21 Immerfall S., Therborn G. Handbook of European Societies. Social Transformations in the 21st Century. – Springer Science+Business Media, LLC 2010. – 698 p.

References

- 1 Nurzhanov B.G. Modern. Postmodern. Kultura. – Almaty: «Oner», 2012. – 336 p.
- 2 Chuanqi H. Modernization Science. The Principles and Methods of National Advancement. – Springer-Verlag, Berlin Heidelberg, 2012. – 676 p.
- 3 Mergel, Thomas: Modernization, in: European History Online (EGO), published by the Leibniz Institute of European History (IEG), Mainz 2012-06-21. URL: <http://www.ieg-ego.eu/mergelt-2011-en> URN: urn:nbn:de:0159-2011050927 [YYYY-MM-DD].
- 4 Nurzhanov B.G., Erzhanova A.M. Kulturologiya v novom klyuche: Ucheb.posobie dlya un-tov. – Almaty, 2011. – 372 p.
- 5 Konteksty sovremennosti – 1: aktualnye problemy obshchestva i kultury v zapadnoj socialnoj teorii / Hrestomatiya: Per. s angl., i nem. – 2-e izd. pererab i dop. – Kazan: Izd-vo Kazan., un-ta, 2000. – 176 p.
- 6 Giddens A. The Consequences of Modernity. – Cambridge: Polity Press, 1990. – 186 p.
- 7 Giddens A. Sociologiya i modern // Konteksty sovremennosti – 1: aktualnye problemy obshchestva i kultury v zapadnoj socialnoj teorii / Hrestomatiya: Per. s angl., i nem. – 2-e izd. pererab i dop. – Kazan: Izd-vo Kazan., un-ta, 2000. – P. 11–16.
- 8 Obzornyj doklad o modernizacii v mire i Kitae (2001–2010) / Per. s angl. pod obshchej redakciej N.I. Lapina / Predisl. N.I. Lapin, G.A. Tosunyan. M.: Izdatelstvo «Ves Mir», 2011. – 256 p.
- 9 Bell. D. Gryadushchee postindustrialnoe obshchestvo. Opyt socialnogo prognozirovaniya / Perevod s anglijskogo. Izd. 2-oe, ispr. i dop. – M.: Academia, 2004. – 788 p.
- 10 Bauman Z. Tekuchaya sovremennost. – Sankt-Peterburg: Piter, 2008. – 240 p.
- 11 Bauman Z. Sociologicheskaya teoriya postmoderna // Konteksty sovremennosti – 1: aktualnye problemy obshchestva i kultury v zapadnoj socialnoj teorii / Hrestomatiya: Per. s angl., i nem. – 2-e izd. pererab i dop. – Kazan: Izd-vo Kazan., un-ta, 2000. – P. 48–51.
- 12 Huber J. Ecological modernization. Away from scarcity, soberness and bureaucracy // Technologie en milieubeheer. – 1991. – P. 12–41.
- 13 Bek U. Obshchestvo riska: Na puti k drugomu modernu / Per. s nem. V. Sedelnika, N. Fedorovoj. – M.: Progress-Tradicija, 2000. – 383 p.
- 14 Capf V. Teoriya modernizacii i razlichie putej obshchestvennogo razvitiya // Sociologicheskie issledovaniya (SOCIS). – 1998. – №8. – P. 14–26.
- 15 Tiryakian E. Modernization; Exhumer in Pace (Rethinking Macrosociology in the 1990-s) // International Sociology. – 1991. – №6. – P. 165–180.
- 16 Eisenstadt S.N. Revolyuciya i preobrazovanie obshchestv. Sravnitelnoe izuchenie civilizacij / Per. s angl. A.V. Gordona pod red. B.S. Erasova. – M.: Aspekt Press, 1999. – 416 p.
- 17 Eisenstadt S.N. Japanese Civilization: A Comparative View. University of Chicago Press, 1996. – 596 p.
- 18 Eisenstadt S.N. Paradoxes of Democracy: Fragility, Continuity, and Change. Johns Hopkins University Press, 2002. – 136 p.
- 19 Eisenstadt S.N. Novaya paradigma modernizacii // Sravnitelnoe izuchenie civilizacij: Hrestomatiya: Ucheb. posobie dlya studentov vuzov. / Sost., red. i vstup. st. B. S. Erasov. – M.: Aspekt Press, 1998. – P. 470–479.
- 20 Kumar K. Modern // Konteksty sovremennosti – 1: aktualnye problemy obshchestva i kultury v zapadnoj socialnoj teorii / Hrestomatiya: Per. s angl., i nem. – 2-e izd. pererab i dop. – Kazan: Izd-vo Kazan., un-ta, 2000. – P. 17–19.
- 21 Immerfall S., Therborn G. Handbook of European Societies. Social Transformations in the 21st Century. – Springer Science+Business Media, LLC 2010. – 698 p.